

**Автор:** Жұмабаева Асель Абугалиевна  
**Пән:** Дүниетану. Тарих компоненті  
**Сынып:** 1-сынып  
**Бөлім:** Өзім туралы  
**Тақырып:** Күн тәртіби

Мақсаты :	1.1.2.4 Күн тәртібін сақтау маңызын түсіндіру және тәртібін құру 1.1.2.5 Тәулік бөліктегі мен апта күндерінің атауларын қолдану
-----------	--

### Сабак барысы

Сабак кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабактың басы (10 мин)	<p>“Күн , түс, түн” шиratу ойыны Шарты : - Күн сөзі айтылғанда оқушылар күндіз жасайтын әрекеттерді айтады; - Түс сөзі айтылғанда оқушылар түсте жасайтын әрекеттерді айтады; Түн сөзі айтылғанда оқушылар тунде жасайтын әрекеттерді айтады ҚБ: Жарайысы! Тамаша! Керемет! Бүгінгі сабағымыздың мақсаты: Күн тәртібін сақтай отырып оны құруды үйренеміз және тәулік бөліктегі мен апта күндерінің атауларын қолданамыз. Күн тәртібі – іс-әрекеттерің мен міндеттерінді, өз уақыттарынды дұрыс үйимдастыру. Дұрыс үйимдастырылған күн тәртібі деңсаулықты сақтаудың, міндеттерің мен мақсатыңа жетудің бірден бір кепілі. Дегенмен, біз күнделікті өмірде осы айтылған ережені сақтаймыз ба, бүгін сол туралы әңгімелесеміз.Күнімізді дұрыс әрі пайдалы өткізу. Күн тәртібін жоспарлау болмақ. Жаңа үйренген және еске түсірген ұғымдарды күнделікті өмірде қолдану. Топқа бөлу. Тәулік мезгілінің қима суреттері арқылы 3 топқа бөлу. (Таң- утро - morning, түс- день – day, түн- ночь – evening)</p>	
Сабактың ортасы (10 мин)	<p>Ж. «Көршіңмен сырлас» -Өздерінің таңертең, күндіз,кешке не істейтіндіктері туралы бір – біріне айтып берулерін сұраймын. Мысалы: - Сендер күнде үйқыдан қай уақытта тұрасындар? -Үйқыдан тұрған соң әдette не істейсіндер? Өз уақыттарын қалай өткізетіні және не істейтіні туралы бір-біріне әңгімелейді. ҚБ: «Білезік» әдісі арқылы бағалайды. Сұраққа жалаң сөзben жауап берсе – қызыл білесік Сұраққа толық жауап берсе – сары білесік Ойлануды қажет ететін сұраққа жауап берсе –жасыл білесік тағылады Т. «Дұрыс және бұрыс» әдісі I топ . Күн тәртібіне байланысты дұрыс нұсқау суреттер II топ. Күн тәртібіне байланысты бұрыс нұсқау суреттер. ( не себепті екенін анықтайды) III топ. Күн тәртібіне байланысты екі суреттерді салыстыру тапсырмасы беріледі. ҚБ: «Басбармақ» әдісі арқылы бағалau Толық құрастырған топ Нұсқа бойынша 1 қате кетсе Нұсқа бойынша 2-3 қате</p>	
Сергіту сәті (5 мин)	<p>«Апта күндері» Дүйсенебіде доп ойнадық алаңда, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сандетіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп, Жұма күні жидек тердік ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық демалдық Осылайша өте шықты бір апта ( қимыл – қозғалыс арқылы жасату)</p>	

<b>Сабақкезеңдері</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың соңы (10 мин)	<p>Ө. «Миға шабуыл» әдісі Апта атаулары кестесін пайдалана отырып, оқушылар аптаның әр күні бойынша немен айналысатыны туралы кесте құрастырады. Кестеде сағат, таң, ату, таңертең, тал тұс, күн, кеш, түн; күні бойғы әрекеттер мен оқиғалар жазылады. Уақыт кестесі шаблонын пайдалана отырып, оқушылар үйде өткізген бір күні бойынша өз кестесін құрастырады ҚБ. «Үш шапалақ» әдісі өзін-өзі бағалау ( қолды жоғары-өте жақсы жауап берсе, орта-толық жауап берсе , төмен-жауап толық болмаса шапалақтау) Т. «Ойла, әңгімелө» әдісі . Саралау тапсырмасы А. Күн тәртібін ретімен белгіле В. Бір күнінді әңгімелеп бер С. Күн тәртібін тәулік мезгіліне топтастыр ҚБ: «Күшінді көрсет»әдісі арқылы бірін-бірі бағалау Барлығы дұрыс болса- «мықты» 1 қате- «күшті» 2 қате- «әлді» Ө. «Сәйкестендіру» әдісі Оқушылар тәулік мезгілдерімен сол уақытта жасалатын іс- әрекеттің суретін сәйкестендіреді. Суретші таңертең ,күндіз, кешке жасалатыністерді шатастырып алды. Оларды ретімен сызық арқылы қосып шық. ҚБ: «Ынталандыру» Керемет! - Жарайсың! Сендей жақсы оқушы кемде-кем. Сен мұнан да мықты сала аласың! (Оқушының арқасынан қағады немесе басынан сипайды) Ж. «Диалог құру» әдісі -Сен демалыс күнінді қалай өткізесің? -Бұл күні кімдермен бірге өткізууді жоспарлайсың? -Демалыс күнінің қызықты болып өту үшін нені дұрыс үйымдастыруың керек деп ойлайсың? т.б ҚБ: «Ішкі уәж» «Жарайсың!», «Керемет!» деп әркім өзінің арқасынан қағады. Ж. Тапсырма. Суреттерге мүқият қараңыз. Тәулік белілтерінің атауын немесе оның бірінші әрпін атаңыз.</p>	